

**«Нурби» Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**I директор жанындағы
кеңес хаттамасы.
2020-2021 оқу жылы**

Шымкент қаласы

08.09.2020 жыл

Хаттама №1

Шымкент қаласы

Қатысқандар –

Қатыспағандар – жоқ

Күн тәртібінде:

1. Жаз мезгілінің сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, есеп беру ортаңғы, ересектер тобы.
2. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы тексеруінің қорытындысы.
3. Рейд тексеруінің қорытындысы.

Бірінші мәселе бойынша медбике Г.Табризова - балалардың денсаулығына көбірек көңіл бөлу қажет. Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне, жан-жақты қызығушылығы мен қабілетін дамытуға ықпал ету керек. Балалардың денсаулығын жаз маусымындағы ауа райының тамаша мүмкіндіктерін пайдалана отырып шынықтыру шаралары арқылы қимыл әрекеттерін таза ауада өткізуіміз керек. Балаларды жаз кезінде сумен шынықтыру балалардың жүйке-жүйесіндегі стрестің алдын алады.

Екінші мәселе бойынша балабақша директоры Д.С.Бердимбетов сөз алды. Сөзін ата-аналар бұрышын жаңарту талапқа сай әрленді деп бастады. Ата-аналарға арналған кеңестер, ас мәзірі, оқу іс-әрекетінің кестесі, балалар бой салмақ өлшемі барлығында жаңартылды. Ата-аналармен жұмыс істеу барысында ата-аналар бұрышы, газеттері ай сайын өзгертіліп жаңа бағдарламалармен, әдіс-тәсілдермен түрлі отбасы суреттермен әшекейленеді. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының отбасының бала тәрбиелеудегі ауызбіршілігі бір болуы керек. Осы іс-әрекет баланың дамуына өте үлкен әсер етеді. Ата-аналарға ең алдымен бала психикасымен ерекшеліктер туралы, оның даму заңдылықтары туралы балалардың әрекеті мен қылықтары туралы түсіндіре білу керек. Мектепке дейінгі ұйым ата-анамен байланыста болуы керек.

Үшінші мәселе бойынша балабақша психологы сөз алды. Биылғы жаңа стандарт бойынша тәрбиешілердің жаңа көрнекіліктері дайын. Әр топтың жас ерекшеліктеріне қарай бұрыштары безендірілген. Жас ерекшеліктеріне қарай балалар топтарға бөлінді. Балаларды балабақшаға бейімдеу барысында психологиялық көмек көрсетілді. “Мен өз тарапымнан балаларды ойындар,

тренингтер арқылы тыныштандырамын және балалармен жеке жұмыс жасаймын”- деп сөзін аяқтады.

Шешімі:

1. Жас мезгілінде ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытындысы қанағаттандыратындық.
2. Ата-аналарды балалардың психикасы мен ерекшеліктері туралы заңдылықтармен таныстыру.
3. Балабақшаның психологы жыл бойы тренинг арқылы балалармен жұмыс жүргізсін. Балалардың денсаулығына көбірек көңіл бөлінсін.

ЖШС «Нурби» Мектеп-
бөбекжай-бақша» кешені директоры:

Әдіскер:



Д.С.Бердимбетов

Абдухаликова Г.Т.

**«Нурби»Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**II директор жанындағы
кеңес хаттамасы.
2020-2021 оқу жылы**

Шымкент қаласы

___ .09.2020 жыл

Хаттама №2

Қатысқандар –

Қатыспағандар – жоқ

Күн тәртібі:

1. Күн тәртібінің орындалуы, бақылау жұмысының қорытындысы.
2. «Топтардың санитарлық жағдайы» жедел тексеру қорытындысы.
3. Жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу.

Тыңдалды:

1. Директор жанындағы кеңесті әдіскер Абдухаликова Г.Т. бөбекжай -бақша кешеніндегі тәрбиеленушілерге арналған күн тәртібімен бастады. Сөзінде: - оқу жылының басында әр топтың жас ерекшелігін ескере отырып күн тәртібі бекітілген болатын. Әр топ тәрбиешісі осы бекітілген күн тәртібімен жұмыс жасауы қажет.Өзінің жасына сәйкес, құрылған күн тәртібіне үйренген балалардың тәртіптілігімен, еңбек ете білу іскерлігімен, мінез-құлқының тұрақтылығымен, анықтығымен, белсенділігімен ерекшеленетіні айтпаса да түсінікті. Міне, осылардың барлығы баланың жақсы денсаулығының және дұрыс дамуының көрсеткіші болмақ. Дұрыс ұйымдастырылған «күн тәртібі», бір жағынан ата-анаға өз уақытын ұтымды бөлуге көмектессе, екінші жағынан отбасында тәрбиелеу-білім беру процесін және оның әр саласын (адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, еңбек тәрбиесі және т.б.) дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі. Күн тәртібінің жасалу принциптері мыналар: 1) баланың ұйқысын, сергектігін, іс-әрекетін, демалысын дұрыс ұйымдастыру; 2) күнделікті өмірде, түрлі қимыл-әрекетте жұмсалған күшін қалпына келтіру, баланы аса көп шаршаудан сақтандыру; 3) тамақтану мезгілін ас қорыту органдарының және ішкі секреция бездерінің қызметіне сәйкес

ұйымдастыру; 4) ойын, серуен, еңбек, оқу тәрізді күнделікті іс-әрекет түрлерін, демалыс кезеңдерінде серуен, ұйқы, бой жазу әрекеттерін дұрыс алмастырып отыру; 5) таза ауада болу мерзімін белгілеу сияқты принциптерге сәйкестендіріліп құрылады. Алдын-ала жүргізілген бақылау жұмысының қорытындысына келетін болсақ бөбекжай-кешенінде 12 топ болса, әрқайсысы бекітілген күн тәртібін бұзбай жұмыс жасауда,-деді.

2. Бөбекжай-бақша кешенінде директор Д.С.Бердимбетов, шаруашылық меңгерушісі Р.Бердимбетов мен медбике Г.Табризова бастамасымен топтардың санитарлық жағдайы тексерілді. Топтардың санитарлық жағдайы бойынша медбике Г.Табризова сөз сөйледі.Сөзінде: «-біздің бөбекжай-бақша кешенімізде 12 топ орналасқан. Әр топтың өз көмекші тәрбиешілері бар. Топтардағы тазалық жұмыстары :

1. Ылғалды жинау.

2. Түбегейлі жинау. (генеральная уборка) болып бөлінеді.

Ылғалды жинау күнде жүргізіледі. Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады. Төсек кравоттары орнынан қозғалта отырып жуылады. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртіледі. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, жардағы кафельдер, унитаздар жуылады. Әжетхана тазалығы : кафельдер, унитаз, раковиналар дезинфекциялық ерітінді қоса отырып жуылады. Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала тараған соң, 2 пайыздық сабынды содалы суда жуып, ағынды суда шаясыздар.

Түбегейлі жинау: әр айдың соңында бала жоқ уақытта тугел заттарды ортаға жиыстырып, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» ерітіндісін қоса жуылады.

Еден жуу тәртібі:

1. Таза сумен жуып алады.

2. Сабынды немесе ұнтақ пайдалана отырып жуылады.

3. Дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» пайдаланады.

4. Құрғатып сүртіледі.

Топтардағы қоқыстар күнде уақытында шығарылып отыр.

Көмекші тәрбиешілердің 3 ауысымда :

1. Ішке

2. Әжетханаға

3. Сыртқа арналған арнайы киімдері бар,-болады деп тексеру

қорытындысымен қатар тағыда бір рет түсіндіру жұмыстарын жүргізіп өтті.

3. Бөбекжай-бақша кешені әдіскері Абдухаликова Г.Т. жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу жасады. Яғни, балаларда сөйлеудің пайда болуы мен қалыптасуы қоршаған ортаға адамдармен қарым-қатынас барысында дамиды. Психологтардың зерттеулері көрсеткендей сөйлеудің грамматикалық жағының дамуы бала іс-әрекетімен байланысты болады.(Д.Б.Эльконин, 1958; М.И.Лисина, А.Г.Ружская, А.Э.Гейнштейн,1995.)Түсінікті сөйлей алу мүмкіндігі адам тұлғасының ең маңызды көрінісі. Л.М.Выготскийдің айтуынша бала байқағанын немесе сезгенін сөзбен бекітсе қабылдаған мәліметті соғұрлым жақсы түсінеді. (1984,3656)деп, жаңа әдістемелік әдебиеттерге шолу жасап өтті.

Қаулы етті:

1. Бөбекжай-бақша кешенінде бекітілген күн тәртібін бұзбай, жұмыс жасалынсын және бақылау жұмыстары үнемі жүргізілсін.
2. Топтардың санитарлық жағдайы жоғарғы деңгейде деп бағалансын, медбике үнемі тазалықты қадағалап отырсын.
3. Жаңа әдістемелік жұмыстарды күнделікті ҰОІӨ барысында басшылыққа ала отырып жұмыс жасалынсын.

ЖШС «Нурби» Мектеп-
бөбекжай-бақша» кешені директоры:

Әдіскер:
Медбике:



Д.С.Бердимбетов

Абдухаликова Г.Т.

Г.Табризова

**«Нурби»Мектеп-бөбекжай-бақша» кешені
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**III директор жанындағы
кеңес хаттамасы.
2020-2021 оқу жылы**

Шымкент қаласы

____.01.2020 жыл

Хаттама №3

Шымкент қаласы

Қатысқандар –

Қатыспағандар – жоқ

Күн тәртібінде:

1. Қыс мезгілінде өткізілетін ермектердің жоспарын бекіту және талдау.
2. Салыстырмалы бақылау қорытындысы: балалардың сөйлеуді дамыту бағдарлама материалдарын меңгеруі (қайталап айтып беру, әңгіме құрау)
3. Балалардың денсаулығы, бақшаға қатынасуы жөнінде мәлімет.

Тыңдалды:

1.